



Құрметті Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын көңіл, ақ ниетпен құттықтаймыз!

Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыс әкелсін.

Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын.

Басқарма төрағасы - Ректор
Бейбітгүл Каримова



НАУРЫЗ – ҰЛЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢА КҮННІҢ ҮЙЛЕСІМІ

Қазақ тілінің жаңа белесі: VIII құрылтайдың маңызы мен міндеттері

Осы жылдың 28 ақпанында Астанадағы Президент орталығында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының VIII құрылтайы өтті. Мемлекеттік тіл мәртебесін нығайтуға бағытталған бұл алқалы жиынға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеңесшісі, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, тілші-ғалымдар, «Қазақ тілі» қоғамының аймақтық филиалдарының жетекшілері мен делегаттары қатысты.

Құрылтайға арнайы құттықтау жолдаған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілін елдің бірлігін нығайта түсетін негізгі құндылық ретінде атап өтті. Ол мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, оны білім мен ғылымның, бизнес пен технологияның тіліне айналдыру міндетін қойды.



Жалғасы 2 бетте

Қазақ даласына көктем келіп, табиғат қайта түлегенде, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы да есік қағады. Бұл – жаңару мен жасампаздықтың, татулық пен бірліктің, береке мен ырыстың мерекесі. Ата-бабамыз бұл күнді ерекше қастерлеп, жаңа жылдың бастауы, табиғаттың қайта тірілуі, күн мен түннің теңесуі деп есептеген. Наурыз – тек күнтізбелік дата ғана емес, ғасырлар бойы ұлттың рухани тұтастығының, мәдени құндылықтарының, ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі.

Наурыз мейрамы халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, өмір салтымен біте қайнаскан. Бұл күнді ата-бабамыз ерекше ықыласпен күтіп алып, оған тыңғылықты дайындаған. Наурыздың алдында үй ішін тазалап, ескі-құсқыдан арылып, қора-қопсысын ретке келтірген. Бұл – тек физикалық тазалық емес, рухани жаңару, жаңа күнге лайық болуға талпыну. «Ескі жыл кетіп, жаңа жыл келді» деген түсінік бойынша, Наурыз келгенде өткеннің өкінішін артқа тастап, жаңа үміттер мен асқақ армандарға жол ашылады.

Ұлыстың ұлы күнінде ағайын-туыс бір-бірімен көрісіп, өкпе-ренішін ұмытып, ақ тілекпен төс қағыстырған. «Жыл басы – Наурыз, баршаға құт-береке әкелсін» деп, жасалған әр іс, айтылған әр сөз жақсылыққа бастау болсын деген ниетпен атқарылған.

Халқымыз бұл күнді ерекше қастерлеп, дастарқанын мол жайған. «Жеті түрлі дәмнен наурыз көже пісірмесе, жыл берекесіз болады» деген наным бар. Сондықтан әр үйде қазан көтеріліп, наурыз көже дайындалып, ақ дастарқан жайылған. Жеті санын қазақ қашанда қасиетті деп санаған. Наурыз көженің құрамындағы жеті түрлі тағам – молшылықтың, тоқшылықтың, ырыс пен несібенің символы. Бұл көжеге бидай, арпа, жүгері, сүт, су, тұз, ет қосылып, жыл бойы дастарқанның берекелі болуын тілеу мақсат етілген.

Наурыз тек молшылықтың емес, теңдіктің де мерекесі. Ежелде бұл күні ауыл ақсақалдары батырша кеңпейіл болып, жарлы-жақыбайларға көмек көрсеткен. «Біреудің мұқтажын өтесең, жыл бойы берекен тасиды» деген наныммен, ауыл азаматтары мүсәпірлерге, кембағал жандарға қамқорлық танытқан. Бұл Наурыздың негізгі мәні – адамдар арасындағы татулық пен өзара қолдаудың жарқын көрінісі.

Наурыз – қазақтың төл мерекесі. Бұл күні ұлттық ойындар ойналып, қыз-жігіттер алтыбақан теуіп, бәйге, көкпар, күрес ұйымдастырылған. Жастар ауыл ақсақалдарынан бата алып, үлкендерге құрмет көрсеткен. Көшеде киіз үйлер тігіліп, күмбірлеген күй шертіліп, домбыраның үні далаға тараған.

Наурыздың мәні тек ойын-сауықта ғана емес, халықтың өз мәдениетін қайта жаңғыртып, тамырынан ажырамай, салт-дәстүрін дәріптеуінде жатыр. Қазіргі таңда бұл мереке тек қазақ халқы үшін ғана емес, еліміздегі барлық этностарды біріктіретін ұлы күнге айналды.

Бүгінгі таңда Наурыз мейрамы Қазақстанда ұлттық бірегейліктің, мәдени тұтастықтың символына айналып отыр. Бұл мейрам бізді өткенімізбен табыстырып, болашаққа жаңа көзқараспен қарауға жетелейді. Ағайынның арасын жақындастырып, реніштерді ұмыттыратын, ақ босағаны аттаған жаңа келіннің беташары жасалатын, елге абыройлы ақсақалдың батасы берілетін ерекше мереке.

Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ әкелсін! Ұлт болып ұйысқан қазақ халқының жаңару мен жаңғыруға бастайтын жолы сәтті болсын! Наурыз құтты болсын!

Амандық ДӘРІБАЙ,
Т-24-1 оқу тобының студенті

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ: VIII ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Құрылтай барысында қоғам төрағасы Рауан Кенжеханұлы ұйымның жаңа кезеңдегі даму бағыттарын айқындап, тіл саясатына қатысты атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларды таныстырды. Оның айтуынша, Президенттің мемлекеттік тілге деген айрықша ықыласы мен қамқорлығы қазақ тілінің өрісін кеңейтуге барынша ықпал етуде.



Бұған дейінгі құрылтай 2023 жылдың жазында өткен болатын. Сол жиында қабылданған стратегиялық бағыттар мен ішаралар нәтижесінде мемлекеттік деңгейде маңызды қадамдар жасалды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Президент әкімшілігімен бірлесіп арнайы іс-қимыл жоспары әзірленіп, оның орындалуы орталық және аймақтық деңгейдегі мемлекеттік органдарға жүктелді. Нәтижесінде, 2024 жылға бекітілген жоспар аясында 40-қа жуық республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шаралар мен ауқымды жобалар іске асырылды.

Құрылтайдың тағы бір маңызды тұсы – 2024 жылы «Қазақ тілі» қоғамының 35 жылдығы, академик Әбдуәлі Қайдардың 100 жылдығы және көрнекті ғалым Рабиға Сыздықтың 100 жылдығының кен көлемде аталып өтуі болды. Осыған орай, Алматы облысының әкімдігі мен бизнестің қолдауымен академик Әбдуәлі Қайдардың туған жері Шелек ауылында жаңа мектеп салынып, оған ғалымның есімі берілді. Бұл заманауи білім ордасын салуға BeeLine компаниясы демеушілік етті.

Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұйымдастыруымен академик Рабиға Сыздықтың 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конгресс өткізілді.

Тіл білімін дамыту аясында қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге басымдық берілді. Осы бағытта қазақ тілі мен әдебиетін оқыту бағдарламалары жаңартылып, әр жас санатына лайықты лексикалық және грамматикалық минимумдарды бекіту жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға бағытталған аймақтық форумдар ұйымдастырылды. Өткен жылы Қарағанды, Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Талдықорған, Қонаев және Тараз қалаларында өткен форумдарға 6 мыңнан аса ұстаз қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

Қазақ тіліндегі сапалы контентті дамыту мақсатында маңызды жобалар іске қосылды. Соның ішінде, Freedom Holding қаржылай қолдауымен қазақ мектептері арасында «Ана тілі» олимпиадасы ұйымдастырылып, қаңтар-ақпан айларында іріктеу кезеңдері өтті.

Оксфорд университетімен бірлескен Oxford Qazaq ағылшын-қазақ, қазақ-ағылшын сөздігі 10 мың данамен жарық көріп, жоғары оқу орындары мен кітапханаларға тегін таратылды. Аталған жобаға демеушілік жасаған Freedom Holding басшысы Тимур Турловқа ризашылық білдірілді. Бұл сөздіктің тұсаукесері Алматы мен Астанада ғана емес, Оксфорд университеті мен АҚШ Конгресі кітапханасында да өтті.

Ғылыми бағыттағы тағы бір маңызды жоба – «Академиялық мәтін жазу шеберханасы» кітабының жарық көруі. Сонымен қатар, әлемдік әдеби және ғылыми-танымдық шығармаларды аудару жұмыстары жалғасын тапты. Олардың қатарында Фредерик Старрдың «Ұмытылған ұлылық» кітабы, Лю Цисыньнің «Үш дененің жұмбағы» романы бар.

2025 жылы жүзеге асырылатын көлемді жобалардың бірі – әлемнің ең ірі 7 музейінің каталогтарын қазақ тіліне аудару.

Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында Disney, Pixar және Sony студияларының анимациялық фильмдері алғаш рет өз қаражаттарына қазақ тіліне дубляждалды. Бұл жоба Meloman/Marwin компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылды.

Алдағы уақытта «Ақшақар», «Лило мен Стич», «Элио», «Хайуандар шаһары 2», «Аватар: от пен күл» сияқты фильмдердің қазақ тіліндегі нұсқалары жарыққа шығады. Бұл бастама қазақ тіліне жаһандық деңгейде сұраныс арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып саналады.

Қазақ тілін технологиялық платформаға бейімдеу жұмыстары жалғасты. Wikipedia, Google, Microsoft, Yandex секілді алып платформалармен ықпалдасу нәтижесінде қазақ тіліндегі контент саны артты. Сонымен қатар, жасанды интеллект жүйелеріне қазақ тілін интеграциялау мәселесі қолға алынды. Осы мақсатта Assyltas қоғамдық қорының бастамасымен QazaqAI жобасы іске қосылды.



Digital Bridge форумы аясында «Цифрлық әлемдегі қазақ тілі» тақырыбына арналған арнайы сессия ұйымдастырылды. Сондай-ақ, QazaqLingo атты қазақ тілін үйретуге арналған мобильді қосымша жасалып, оның насихаты күшейтіледі.

Қазақ тілін дамытуға кәсіпкерлердің белсенді атсалысуы – оң үрдістердің бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Qazaq Tili» эндаумент қоры құрылып, бір жылдың ішінде қорға 500 миллион теңгеден аса қаражат жиналды. Ірі демеушілер қатарында Айдын Рахымбаев, Дулат Тастекей, Еркебұлан Илиясов, Қанат Көпбаев және басқа да кәсіпкерлер бар.

Бұл қордың басты ерекшелігі – жиналған қаражат жұмсалмайды, тек инвестициялық табысы ғана қазақ тілін дамытуға бағытталады.

Қазақ тілі қоғамы тілдің өрісін кеңейту, оны заман талабына сай жаңғырту бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде. Мемлекет пен қоғамның, бизнестің бірлескен әрекетінің арқасында қазақ тілі жаңа белестерге көтеріліп келеді.

Қазақ тілін ғылым мен технологияның, бизнестің және күнделікті өмірдің тіліне айналдыру – басты міндет. Бұл бағыттағы жұмыстардың табысты болуы әрбір азаматтың, әрбір мекеменің және тіл жанашырларының қолдауына байланысты.

Қазақ тілі – елдің тұтастығы мен рухани байлығының кепілі. Осы жолдағы ортақ мақсатымыз баянды болғай!

Азамат АБИМОЛДА



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде ғылымды дамыту және цифрландыру мәселелері, Үкімет қаулыларының жобалары қаралды.



Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы және басқа да мәселелер талқыланып, міндеттер айқындалды. Қызылорда қаласы, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Елімізде ғылым мен жоғары білімді дамыту тұжырымдамасына сәйкес білім сапасын және ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар маңызды жоба бар.

Бүгінде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Оңтүстік Корея Республикасының Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетімен (СеулТех) бірлесіп, өткен жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Жасанды интеллект институты ашылды. Қазір аталған институтта төрт білім беру бағдарламасы бойынша 100 студент мемлекеттік грант негізінде білім алады. Бұл – еліміздегі жасанды интеллект саласын дамытуға және заманауи талаптарға сай жоғары білікті мамандар даярлауға бағытталған маңызды қадам.

Жиында осы жұмыстарды күшейту, өңірлік жоғары оқу орындарымен, облыстық білім

басқармасымен, ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп, ғылымды дамыту және цифрландыру бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру үшін Ғылымды дамыту жөніндегі өңірлік кеңес құру тапсырылды.



Ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды жан-жақты пысықтап, нақты ұсыныстар енгізу керек. Бұл – заман талабы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Осы жылдың наурыз айында Е.Д. Тоқтыбаевтың төрағалығымен Директорлар кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жиын барысында университеттің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасының 2024 жылға арналған негізгі стратегиялық бағыттарды іске асыру контекстінде орындалуы қаралды: білім беру қызметін инновациялық қамтамасыз ету және интернационалдандыру, ғылым мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту, инфрақұрылымды цифрландыру және жаңғырту.

Қызметтің негізгі индикаторлары мен негізгі көрсеткіштерін орындау бойынша егжей-тегжейлі талдау ұсынылды. 2025 жылға университеттің даму перспективалары 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы аясында анықталды.

Директорлар кеңесі жұмысының нәтижелілігі келесі қабылданған шешімдерде көрініс тапты:

1. Басқарманың есебі «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ - ның 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы шеңберінде 2024 жылғы нысаналы индикаторлар мен жүзеге асырылған жұмыстардың тиімділігін көрсетті.

Үш стратегиялық бағыт бойынша негізгі нысаналы индикаторлар мен нәтижелі көрсеткіштерді орындаудың қорытындысында QS (ТОП 1400+) және GreenMetric (1160 орын) әлемдік рейтингтеріндегі жоғары оқу орнының позициясында, Қазақстан Республикасының үздік жоғары оқу орындарының ондығына кіруде (АРТА жүргізетін ұлттық рейтинг қорытындылары бойынша 7-орын), контингенттің сапалық құрамының өсуінде, яғни мемлекеттік білім беру гранты-5000-нан астам білім алушы, шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты кеңейтуде жоғары нәтижеге қол жеткізді.



қоры шеңберінде дамытуға тартылған инвестициялар көлемінің ұлғаюын айғақтайды. Университеттің білім беру, ғылыми, басқару қызметі мен инфрақұрылымын цифрландыру жұмыстары басталды.

2. Тұрақты даму саласындағы саясатты енгізу және іске асыру университетте маңызды стратегиялық бағыттар үшін қолданылатын ТДМ саясатын іске асыру тетіктері контекстіндегі даму сапасына әсер етті. Университеттегі ТДМ негізгі көрсеткіштері: білім беру бағдарламаларына орнықты даму қағидадарын интеграциялау, ғылыми зерттеулерді қолдау (климаттың өзгеруі, таза энергия, орнықты ауыл шаруашылығы,

көлденең және тік деңгейде басқару тиімділігін қамтамасыз ету, тиімді менеджментті іске асыру, әлеуметтік жобалар мен бастамаларды қолдау), бұл болашақта университеттің ТДМ даму бағдарламасы мен саясатын тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді.

3. 2023-2025 жылдарға арналған тәуекелдерді болдырмау жөніндегі іс-шаралар жоспары негізінде 2024 жылға тәуекелдерге мониторинг жүргізілді.

Сонымен қатар, 2025 жылға арналған тәуекелдер картасы ұсынылды. Қоғам университет қызметінің бес бағытында: білім беру, ғылым, қоғам, басқару, цифрландыру және инфрақұрылымда күрделілік деңгейлерін және олардың көріну ықтималдығын анықтау әдістемесін ескере отырып, тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақытылы шаралар қабылдады.

4. Директорлар кеңесі корпоративтік басқару кодексіне және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер негізінде нормативтік құжаттарды жаңартуды ұсынды.

5. Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның тұрақты дамуын арттыру, тиімді және уақтылы шешімдер қабылдау мақсатында корпоративтік басқару қағидадарын ұстанудың маңыздылығын атап өтті.

Университет өз алдына оқытушылар мен білім алушылардың жаңа және зерттеу құзыреттіліктерін дамытуға, студенттердің академиялық және ғылыми үдерістегі ролін күшейтуге, сапа мәдениеті мен академиялық адалдықтың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, бизнес – үдерістердің тиімділігі мен цифрландырылуын арттыруға бағытталған жаңа міндеттер қойды.

Қызылордада күріш қауызы кәдеге асып жатыр ма?

Еліміз бойынша күріш өндірісінің 85 пайызға жуығы Қызылорда облысының үлесіне тиеді. Қалған бөлігін Түркістан және Алматы облысы еншілейді.

Қызылордалық дикандар жылма-жыл мол өнімге негіз қалап жүр. Десе де оны тереңдете өңдеу ісінде әлі де проблемалар бар. Атап айтқанда, күріш қауызын қалай кәдеге жаратып отырмыз?

Бұл жөнінде облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев қазір күріш қауызын пайдалану бағытында бірқатар жоба қолға алынып жатқанын жеткізді.



— Жалпы, күріш қалдықтарын тереңдете өңдеу мәселесіне баса назар аударып келеміз. Әрбір жобаның тиімділігі таразыланады. Рас, бұған дейін күріш қауызынан кремний оксидін шығару жобасына назар аударылған еді. Бұл жобаның тиімділігі қандай? Оған шикізат қоры жете ме? Алдымен осы мәселе ескеріледі. Өйткені, оны өңдейтін зауыттың құрал-жабдығы арзан тұрмайды. Қаншама қаржы жұмсалады. Біздегі шикізат аталған зауыттардың қуатына жетпейді. Зерттей келе оның тиімсіз тұсы көп екеніне назар аударылды. Кезінде күріш қауызы өртеліп жататын. Қазір оған тыйым салынды. Осы мақсатта ендігі кезекте күріш қауызын жем өндіру ісіне пайдалануға мән беріп отырмыз. Нәтижесінде күріш шаруашылығында қалдықсыз өнім шығаруға мән беріліп келеді. Әрине, біз оны тек жем өндірісіне кәдеге жаратып отырған жоқпыз. Аграрлық салада еңбек етіп жүрген жергілікті кәсіпкерлер оған қатысты тағы бір жобаны ұсынып отыр. Мәселен, Қытай, Оңтүстік Корея елдерінде күріш қауызынан жартылай фабрика дәйындау жолға қойылған. Кәсіпкерлер аталған жобаның тиімділігін зерттеп жатыр. Ол өнімдерге біздің нарықта сұраныс бар ма? Алдағы уақытта сұраныс болып жатса, бұл жоба жүзеге асуы мүмкін, — деді басқарма басшысы.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта күріш шаруашылығында қалдықсыз өнім шығаруға мән берілген. Шаруалар оны бұрынғыдай өртеп, қоршаған ортаның ластануына кері әсерін тигізіп жатқан жоқ.

Ғалымдар жобасына қолдау керек


Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, химия ғылымдарының кандидаты Нұрбол Аппазов күріш қауызына байланысты бірқатар ғылыми жобаны жүзеге асырған.

Соның бірі — кремний диоксидіне қатысты болатын. Дегенмен аталған жоба қазір жалғасын тапқан жоқ.

— Жоба бойынша магистранттың ғылыми ізденіс жасаған еді. Қаржы мәселесіне байланысты тоқтап қалды. Кремний диоксиді шыны, керамика, абразив, бетонды жабдықтар, тіс пастасы, косметика, оптогалшық және өзге

туды. Қайсы істе де қомақта қаржы қажет болады. Біз жұмыстарды жалғастыру үшін зертханалық қондырғы алуға қол жеткіздік. Оны Қытайдан арнайы жасаттық, — деді Н. Аппазов.

Қалдықтан қағаз шығаруға болады



Ғалым белсендірілген көмір биологиялық тазарту станциясында пайдаланылып жатқанын тілге тиек етті. Бұл жұмыс өз тиімділігін көрсеткен.

— Ол әзірге үлкен көлемде жүзеге асып жатқан жоқ. Алайда біз оның тиімділігіне толық көзімізді жеткізе алдық. Бұл іске бізбен бірге су саласының мамандары, эколог, агрономдар атсалысып жатыр. Сол арқылы Тасбөгет кентінде орналасқан биологиялық тазарту станциясынан шыққан сарқынды су тазартылып, ол әртүрлі ағаш екпесін, мал азығы дақылдарын суаруға пайдаланылып келеді, — деп толықтырды әңгімесін Н. Аппазов.

Сондай-ақ Нұрбол Аппазов бастаған қызылордалық ғалымдар күріштің сабағы мен қауызынан қағаз жасау жобасын жасап шықты.



де өндірісте қолданылады. Негізінде кремний диоксиді құмнан алынады. Біз оны күріш қауызынан, яғни қалдықтан алу технологиясын жасадық. Қазіргі уақытта күріш қауызынан белсендірілген көмір жасау ісін жолға қойып отырмыз. Сол арқылы ластанған суды қалпына келтіріп, ауыз суды тазартуға болады. Сондай-ақ улы газды ортада жұмыс істейтін адамдардың денсаулығына зиянды әсерді азайтуға қолдануға мүмкіндік бар. Өзге де қолданылатын жерлері бар. Бұрынғы жылдары күріш қауызы өртелетін. Тіпті оны жерге көміп тастасаң да шірімейді. Қысқасы, қоршаған ортаның ластануына көп әсері бар еді, — дейді ғалым.

Қазір ауыл шаруашылығы өндірісіндегі еңбеккерлер оны жем шығаруға пайдаланып жүр.

— Дегенмен оны тығырықтан шығудың төте жолы ретінде бағалай алмаймыз. Бұл бағытта әлемнің көптеген елінде түрлі жобалар қолға алынған. Оның ішінде кремний оксидін шағару ісі де бар. Әрине, бұл жоба қамбатқа түседі, оған қаншама миллион доллар қаржы кетуі мүмкін. Кейінгі уақытта біз күріш қауызынан белсендірілген көмір алуға байланысты зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Алғашқыда оның сапасы төмен екенін байқадық. Сондықтан оның сапасын арттыру мақсатында мұнай қалдықтары, крахмал секілді бірқатар дүниелер қосылды. Нәтижесінде біз өндірісте пайдалануға болатын белсендірілген көмірді алуға мүмкіндік

Айта кетерлігі, ол қазір қолданыста жүрген кеңсе қағазынан ешбір кем түспейді. Аталған жоба осыдан бірнеше жыл бұрын қолға алынған.

Бұл бағытта ғалымдар тыңғылықты ізденіс жасаған. Сол мақсатта жұмыс тобына жетісегіз маман тартылған. Нәтижесінде күріштің сабағы мен қауызынан кеңсе қағазы мен әжетхана қағазын өндірудің жолын тапқан.

Бүгінде авторлары ғылыми жаңалығын патенттеп те алған.

Қысқасы, күріш өндірісінде қалдықсыз өнім шығаруға барлық мүмкіндік бар. Дегенмен алдымен оның тиімділігі назарға алынуы тиіс. Әрине, кейбір мәселелер қаржыға келіп тірелетіні тағы бар.

ӨЗБЕКСТАННЫҢ “АРАЛ ӨҢІРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫМЕН” КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Биология, география және химия» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, биология ғылымдарының кандидаты Рахат Құрманбаев пен «Korkyt ata endowment» корпоративтік қорының қамқоршылық кеңесінің мүшесі Елена Когай 11-13 наурыз күндері Өзбекстанның Нүкіс қаласында арнайы іссапармен болды.

Іссапар барысында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті және Өзбекстан Республикасының Экология, қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі министрлігінің жанындағы “Арал өңірінің Халықаралық инновациялық орталығы” арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Орталық басшылығымен екіжақты бірлескен жұмыстарды ұйымдастырып, жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылды.

“Өзбекстанға сапарымыздың басты мақсаты – оқу орнындағы «Арал өңірі» экожүйелерін зерттеу Халықаралық орталығы» жұмыстарын дамыту. Нүкіс қаласындағы “Халықаралық



Арал өңірін инновациялық орталығының» жұмысымен таныстық. Іссапар барысында халықаралық жобаларының жүзеге асырылуы, өсімдіктердің генетикалық банкі, көлемі 24 гектар құрайтын алаңдарында өсірілетін тәжірибелік түрлері, in vitro өсіру зертхананың жұмысы, тұқымдар қоймасы, фермерлерді және көгалдандыруға қызығушылығын танытқан жастарды оқыту платформалары және тұзды топырақтарда жеміс ағаш түрлерінен жоғары өнім алу жолдары туралы кеңінен ақпарат алдық”, - деді Рахат Құрманбаев.

Арал өңірінің Халықаралық Инновациялық орталығы 2018 жылы үкімет тарапынан құрылып, Арал өңірінің қолайсыз экологиялық факторларға төтеп беру шараларына бағытталған. Мұнда дамыған Еуропа, Азия мемлекеттеріндегі өсімдіктану саласы бойынша инновациялық технологияларды Арал өңірінде қолдану, ғылыми дәлелденіп құрғақшылыққа бейімделген, суды аз қажет ететін, жоғары өнімді, өндірістік қолдануға жарамды өсімдіктер түрлерін мүмкіндінше кеңінен қолдануға аса назар аударады.

ҒҰМЫРЫМНЫҢ ӨЛШЕМІ – АДАЛДЫҒЫМ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, «Парасат» орденінің иегері Қазбай Құдайбергенұлы еске алуға арналған әдеби кеш өтті.


Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Нұртайұлы іс-шараның мақсаты – ғалымның есімін ұлықтау, шығармашылығын дәріптеу және ұрпаққа өнеге ету екенін атап, оның еңбектері университет тарихында алтын әріппен жазылатынын айтты.

Кеш барысында ғалымның өмір жолы, ғылымға қосқан үлесі мен адамгершілік қасиеттері жайлы естеліктер айтылып, оның еңбектері мен шығармашылық мұрасы туралы баяндамалар жасалды.

Қазбай Құдайбергенұлы – тек экономика саласының білгір маманы ғана емес, сонымен қатар бірнеше ғылыми-танымдық кітаптардың авторы. Оның «Азамат асқан асу», «Қиял сапарында», «Тал бесік тандап алғызып едім...», «Ортам менің – ой-парасат ордасы», «Жанбырым жауар жабырқап», «Сырым мен шыным», «Таланттымен танылған тұлға», «Ғұмырымның өлшемі – адалдығым» атты еңбектері оқырманға терең ой салып, рухани азық береді. Бұл шығармалар ғалымның өмірлік ұстанымы мен көзқарасын айқындайды.

Әдеби кеш барысында Қазбай Құдайбергенұлының еңбектері мен ізгі қасиеттері туралы жылы лебіздер айтылып, оның жарқын бейнесі қатысушылардың жадында қайта жаңғырды.

Іс-шараға университет ардагерлері, профессор-оқытушылар құрамы мен ғалымның жақындары қатысты.



«АЛТЫН ОРДА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Алтын Орда және Қазақ мемлекетінің қалыптасуы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға еліміздің және шет елдердің жетекші тарихшылары мен археологтары қатысты. Жиынның модераторы –

«Тарих және археология» білім беру бағдарламасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Өтеубай Қожақұлы «Алтын Орданың ыдырауы мен күйреуі» тақырыбында баяндама жасап, мемлекеттің құлдырауының ішкі және сыртқы себептерін



гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сағат Тайман болды.

Ғылыми жиында Алтын Орда дәуірінің тарихи-мәдени мұрасы, саяси құрылымы, экономикасы, оның ыдырауы және Қазақ мемлекетінің қалыптасуына ықпалы жан-жақты талқыланды.

Дөңгелек үстел барысында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұқтар Әбілсейіт «Атырау өңірінің алтынордалық ескерткіштері және оны зерттеуі» тақырыбында баяндама жасап, Сарайшық қаласының Алтын Орда дәуіріндегі маңызын және осы кезеңге жататын археологиялық олжалар туралы тың мәліметтер ұсынды. Казан Федеральді университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Светлана Валиулина «Алтын Орда кезеңіндегі Асанас және Қышқала (Баршынкент) қалаларындағы шыны өндірісі» тақырыбында сөз сөйлеп, ортағасырлық қалалардағы қолөнер өндірісі мен оның саудаға ықпалын атап өтті.

саралады. Тарих ғылымдарының докторы Тастанбек Сәтбай «Алтын Орда мемлекетінің Еуразия тарихындағы орны» баяндамасында Алтын Орданың аймақтық және халықаралық саясаттағы рөлін ашып көрсетті.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғалым хатшысы Асхат Сайлау «Алтын Орда кезеңіндегі теңгелердің түрлері (музей қоры бойынша)» баяндамасында сол дәуірдегі ақша айналымы мен сауда-саттықтың дамуын талдады. «Тарих және археология» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, PhD Ыслам Құрманиязов «Алтын Орда кезеңіндегі Сыр өңірі қалалары туралы жаңа деректер» баяндамасында Сыр өңіріндегі ортағасырлық қалалардың зерттелуі жөнінде жаңа мәліметтер ұсынды.

Дөңгелек үстел барысында ғалымдар Алтын Орданың мәдени және саяси мұралары, ортағасырлық қалалар, археологиялық зерттеулер, сауда-саттық, ақша айналымы және мемлекеттің ыдырау себептері туралы ғылыми пікірлерімен бөлісті.

ӨНЕГЕЛІ ІЗ: ТҮЛЕКТЕР ЖОЛЫ

Университет – тек білім ордасы ғана емес, ол – саналы ұрпақты шыңдап, жарқын болашаққа қанат қақтырған үлкен мектеп. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – осынау қасиетті шаңырақтан түлеп ұшқан мыңдаған жастың тағдыры тоғысқан алтын бесік.

«Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер» демекші, әрбір түлек – университетіміздің мақтанышы, ізбасарларына үлгі. Бұл рубрика арқылы біз өз кәсібінің шыңына шыққан, елге еңбегі сіңген түлектердің жетістігін дәріптеп, өмір жолын оқырманға паш етеміз.



Ақмарал Түрспенбетова, №1 мектеп-лицейінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші, химия-биология пәндерінің мұғалімі: Үнемі оқып-үйренуді тоқтатпа!

- Университет сіз үшін қандай мүмкіндіктер ашты?

Университет біріншіден, кәсіби білім алып, болашақ мамандығымды терең түсінуге жол ашты. Екіншіден, өз саламада тәжірибелі мамандармен танысу арқылы желі құрып, болашақ мансабым үшін пайдалы байланыстар орнатты. Үшіншіден, университет мені жеке тұлға ретінде дамытып, түрлі қоғамдық және ғылыми жобаларға қатысу арқылы өзімді жаңа қырынан көруге мүмкіндік берді.

- Оқу барысында Сіз өміріңізде және жұмысыңызда көмектесетін қандай қасиеттерді дамыттыңыз?

Университетте ең маңызды қасиеттердің бірі – жауапкершілік пен уақытты тиімді басқаруды үйрендім. Тапсырмаларды уақытында орындау, әр түрлі пікірлермен жұмыс істеу, жаңа ақпаратты жылдам меңгеру сияқты дағдыларды дамыттым. Сондай-ақ, факультеттің қоғамдық шараларына белсенділік танытып, көшбасшылық және коммуникациялық дағдыларымды жетілдірдім.

- Студенттерге қай кәсіби дағдыны қазірден бастап дамытуға кеңес берер едіңіз?

Цифрлық сауаттылық, уақытты тиімді басқару және қарым-қатынас дағдылары қазіргі таңда аса маңызды. Сонымен қатар, деректерді талдау және шешім қабылдау қабілетін студенттік кезден дамытуға кеңес беремін.

- Университетте Сізге берілген ең маңызды кеңес қандай еді және ол Сізге қалай көмектесті?

Университетте маған берілген ең маңызды кеңес – «үнемі оқып-үйренуді тоқтатпа». Бұл кеңес мені жаңа дағдылар мен білім алуға деген қызығушылықты сақтауға итермеледі. Осы кеңестің арқасында өзіме сенімді болуды және кез келген қиындықты жеңе алатынымды түсіндім.

- Қазіргі студенттерге оқуын аяқтағаннан кейін мансап жолын сәтті бастау үшін қандай кеңес берер едіңіз?

Оқу аяқталғаннан кейін өзіңіз үшін маңызды мақсаттарды айқындап, сол бағытта жұмыс істеңіз. Егер студенттік кезден-ақ тәжірибе жинақтасаңыз, мансап жолын бастау жеңілдейді. Жаңа технологияларды, трендтерді және салаңыздағы өзгерістерді бақылап отырыңыз. Тағылымдамалар, еріктілік немесе жартылай жұмыс істеу үлкен көмек болады. Әрдайым оқуға ашық болыңыз және әрқашан икемді ойлауды дамытуға ұмтылыңыз. Сәттілік, жаңа буын студенті!



Жанат Исамберлина, кәсіпкер, “Архат” ЖШС-нің басшысы, қаржыгер, бизнес-психолог: Тәжірибе – баға жетпес құндылық

- Университет сіз үшін қандай мүмкіндіктер ашты?

Университет мен үшін бұл әлемнің есігін айқара ашты. Ең алдымен, менің тобым – әрқайсысы өз саласында ерекше, талантты тұлғалардан құралды. Оқуға түскен кезде білімімде кейбір олқылықтар бар екенін сезініп, оларды толықтыруға бел будым. Университеттің ғылыми-техникалық кітапханасының арқасында екі жыл бойы қажетті білімді терең меңгеруге мүмкіндік алдым. Бұл – менің университет қабырғасында, кітапхана ішінде өткізген ең керемет кезеңдерімнің бірі болды.

Кәсіби деңгейі жоғары оқытушылар ұжымы маған мықты білім негізін қалады. Қазіргі уақытта мен бұл білімді қаржы саласында одан әрі жетілдіруді жалғастырып келемін. Бізге сенім артқан және шын жүректен білім берген ұстаздарыма ерекше алғыс білдіремін. Университетті аяқтағаннан кейін ешқандай таныссыз, тек өз білімімнің арқасында банкке іріктеу конкурсын сәтті өтіп, 16 жыл бойы үш жетекші банкте – «Қазкоммерцбанк», «Қазақстан Халық Банкі» және «БанкЦентрКредитте» жоғары лауазымдарда жұмыс істедім. Кейінірек маған қаржы директоры қызметіне шақыру түсті, онда да өзіме жүктелген міндеттерді абыроймен атқардым. Сонымен қатар, жеке кәсібімді қатар жүргізіп, кейіннен толықтай кәсіпкерлікке бет бұрдым.

Бүгінде менің кәсіпкерлік тәжірибем 17 жылдан асады, ал қаржы саласындағы жалпы еңбек өтілім – 25 жыл.

- Оқу барысында Сіз өміріңізде және жұмысыңызда көмектесетін қандай қасиеттерді дамыттыңыз?

Оқу барысында мен жоғары деңгейдегі коммуникациялық дағдыларды, жүйелілік пен күрделі жағдайлардан шығу жолдарын, сондай-ақ шешендік өнерді дамытуға мүмкіндік алдым. Әрине, бұл дағды әлі де жетілдіруді қажет етеді, дегенмен көпшілік

алдында сөйлеуді алғаш рет университет қабырғасында бастадым. Сонымен қатар, өзгелердің қабілеттерін байқап, олардың тәжірибесінен өзіме қажетті пайдалы білім мен дағдыларды алуды меңгердім.

- Студенттерге қай кәсіби дағдыны қазірден бастап дамытуға кеңес берер едіңіз?

Кез келген дағды үздіксіз тәжірибені қажет етеді. Егер сіз қаржыгер болып, қаржылық талдауды меңгерген болсаңыз, оны кем дегенде 10 компания үшін тегін жасап көріңіз. Компания директорлары мен құрылтайшыларынан құпиялылық талаптарын сақтай отырып, олардың қаржылық жағдайын талдауға рұқсат сұраңыз. Жаттығыңыз, себебі шағын кәсіпорындар мен базардағы сауда нүктелері өз істерінің қаржылық жағдайын түсінуге қызығушылық танытары сөзсіз. Ал сіз өзіңіздің мықты жақтарыңыз бен жетілдіруді қажет ететін тұстарыңызды анықтай аласыз.

- Университетте Сізге берілген ең маңызды кеңес қандай еді және ол Сізге қалай көмектесті?

Ең маңызды кеңес – білім мен күш, егер оны дұрыс қолдана білу. Білгеніңізді тәжірибеде қолданыңыз, оның тиімділігін бағалаңыз. Уақыт өте келе кейбір білімдер қажетсіз болуы мүмкін, ал кейбірін жетілдіре түссіз. Ең бастысы – үздіксіз даму мен тәжірибе арқылы өсу.

- Қазіргі студенттерге оқуын аяқтағаннан кейін мансап жолын сәтті бастау үшін қандай кеңес берер едіңіз?

Әрдайым қандай жағдай болмасын адамгершілігіңізді сақтаңыз. Адалдық пен парасаттылық – ең басты қасиеттер.

Коммуникация дағдыларын дамытыңыз. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол мақсатқа жетудің құралы. Танымал ғалым Татьяна Черниговская айтқандай: «Сіз бір нәрсені білмейтініңізден қорықпаңыз, оны білмей қалудан қорқыңыз.»

Тұлға ретінде үйлесімді дамуға ұмтылыңыз. Оқуыңыз бен жұмысыңызды, жеке өміріңізбен теңестірудің жолын табыңыз.

Мүмкіндігінше көп тәжірибе жинақтаңыз. Біліміңізді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік іздеңіз, тіпті ақысыз болса да. Өйткені алынған тәжірибе – баға жетпес құндылық.

Қателіктерден қорықпаңыз. Олар – өсу мен дамудың ажырамас бөлігі. Маңыздысы – қателіктен сабақ алып, алға жылжу.

Университет – бұл тек білім алатын орын ғана емес, сонымен қатар бізді жақсы, мықты және табысты адам етіп қалыптастыратын тәжірибе алаңы. Әрбір мүмкіндікті пайдаланыңыз, дамудан тоқтамаңыз – сонда жетістік сізді өзі іздеп табады.

Қазіргі уақытта мен онлайн білім беру саласында «Кәсіпкерлік ойлау жүйесі» атты екінші бизнесімді дамытып жатырмын. Бай болу – ең алдымен сапалы ойлаудың дағдысы, ал білім әр адамға осы дағдыны қалыптастырып, өз мақсатына жетуге көмектеседі деп сенемін.

**Пікірлерді жинаған
Маржан БАЗАРХАНОВА**

ГОНКОНГ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ ДӘРИС ОҚЫДЫ

Шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасу – білім мен ғылымның жаһандық деңгейде дамуына серпін беретін маңызды қадам. Бүгінгі таңда жоғары білім беру жүйесі тек ұлттық шеңберде шектеліп қалмай, халықаралық ғылыми қауымдастықпен тығыз байланыс орнату арқылы өсіп-өркендейді. Әлемдік деңгейдегі үздік тәжірибелерді меңгеру, заманауи зерттеу әдістерін игеру, халықаралық журналдарда ғылыми мақалалар жариялау – кез келген университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі факторлардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде өткен Гонконг білім беру университетінің (The Education University of Hong Kong) профессорлары Ю Сон Ли (Ju Seong Lee) және Норман В. Мендозаның (Norman V. Mendoza) біліктілікті арттыру курсы білім мен ғылым саласында жаңа көкжиектер ашты.



Бұл курс профессор-оқытушылар құрамы, докторанттар мен магистранттарға арналған және ғылыми-зерттеу саласындағы жаңа әдістерді меңгеруге, цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын дамытуға бағытталды. Сондай-ақ, халықаралық деңгейде ғылыми мақалалар жариялау, ғылыми жобаларды әзірлеу және оларды қаржыландыруға гранттық өтінімдер беру жолдары жан-жақты талқыланды.

Ғылыми-зерттеу дағдылары мен заманауи әдістер

Курс барысында профессор Ю Сон Ли «Modelling students' motivation via Digital English communication» атты тақырыпта



дәріс оқыды. Бұл курс оқытушыларды студенттердің цифрлық ортадағы мотивациясын талдауға бағыттады. Курста ішкі және сыртқы мотивацияның рөлі, онлайн оқыту платформаларының әсері, цифрлық ортадағы бағалау жүйелері және оқытушы мен студент арасындағы тиімді кері байланыс орнату жолдары талқыланды. Сонымен қатар,

қатысушылар Book Creator, Bitly, AskSmile, NotebookLM, Taguette, Jamovi сияқты заманауи қосымшалармен жұмыс істеп, IMRaD форматында ғылыми мақалалар жазу, деректерді жинау және кодтау әдістерін меңгерді.



Ал профессор Норман В. Мендоза «Білім беру психологиясы: оқыту және зерттеу» атты курсты жүргізді. Ол білім беру психологиясының негізгі теорияларына,

оқу үдерісіне заманауи технологияларды енгізуге және халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялануға зор мүмкіндік берді.

Курс қорытындысы бойынша өткен арнайы жиынға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Каримова, Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор Дана Абдрашева және оқытушылар қатысты.

Жиын соңында курсқа белсенді қатысқан профессор-оқытушылар құрамына арнайы сертификаттар табысталды. Бұл бағдарлама Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің халықаралық байланыстарын нығайтуға, ғылыми ортадағы тәжірибе алмасуды дамытуға және оқытушылар мен студенттердің кәсіби деңгейін көтеруге жасалған маңызды қадам болды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Гонконг ғалымдарының қатысуымен өткен бұл біліктілікті арттыру курсы – халықаралық ынтымақтастықтың жемісі



оқыту үдерісіне әсер ететін факторларға және заманауи педагогикалық тәсілдерге тоқталды. Сонымен бірге, қатысушылар ғылыми мақалаларды редакциялау, сапалы зерттеу нәтижелерін рәсімдеу, кестелер мен диаграм-

нәтижесі. Ғылым мен білім үнемі жаңарып, дамып отыратын сала болғандықтан, осындай тәжірибе алмасу алаңдары білім берудің сапасын арттырып қана қоймай, оқытушылар мен зерттеушілерге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Курс барысында қатысушылар ғылыми-зерттеу әдістерін жетілдіріп, цифрлық платформаларды тиімді пайдалануды үйренді. Заманауи оқыту технологияларын игеру, ғылыми мақалалар жазу мен жариялаудың талаптарын меңгеру, білім беру психологиясының қырсырын түсіну – бүгінгі білім саласындағы өзекті қажеттіліктердің бірі. Бұл бағыттағы алған білім мен дағдылар алдағы уақытта оқыту үдерісіне оң әсерін тигізіп, зерттеулердің сапасын арттыруға көмектеседі.

Осындай халықаралық байланыстар мен тәжірибе алмасу шаралары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғылым мен білім саласындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, әлемдік деңгейдегі зерттеу алаңына айналуына ықпал етеді. Алдағы уақытта да осындай ғылыми кездесулердің, тәжірибе алмасу бағдарламаларының саны артып, білім беру сапасын жетілдіруге үлес қосатынына сенім мол.

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-оқытушылары ғылым саласында айтарлықтай жетістіктерге жетуде. Бұл – олардың қажырлы еңбегінің, үздіксіз ізденісінің және білім мен ғылымға деген адалдығының айқын көрінісі.



Жуырда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен екі ұстазымыздың еңбегі лайықты бағаланды.

Атап айтқанда, 2025 жылғы 7 наурыздағы №355 бұйрыққа сәйкес, Жакыпова Гүлнұр Мұхамеджанқызына 8D07366-Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді. Бұл – ғалымның құрылыс материалдары саласындағы терең зерттеулер жүргізіп, ғылыми жаңалықтар ашудағы табысының нәтижесі.



Сонымен қатар, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2025 жылғы 7 наурыздағы №351 бұйрығы бойынша Қаршыға Ғалымжан Орынбасарұлына 20100-Азаматтық инженерия ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді. Бұл оның азаматтық инженерия саласындағы ғылыми еңбектерінің жоғары деңгейде танылғанын және болашақ мамандарды даярлауға қосқан үлесінің зор екенін көрсетеді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті үшін бұл жетістіктер – ғылым мен білімнің үздіксіз дамуының дәлелі. Осындай жетістіктер ғылымға құштар жастарға да үлкен мотивация болары сөзсіз.

Жоғары марапат иелерін шын жүректен құттықтай отырып, алдағы ғылыми ізденістерінде жаңа табыстар, сәтті бастамалар мен тың жаңалықтар тілейміз!

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

2024 жылы қараша айында «Егемен Қазақстан» газетінің жариялаған инфографикасы бойынша, елімізде 732 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі адам тіркелген екен. Сенесіз бе? Біз күнделікті өмірде бұл кісілерді жиі көре бермейміз. Алайда олардың саны біз ойлағаннан да көп.

Көшеде, қоғамдық көліктерде, мекемелерде де көбіне мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған орын, қоңырау, пандус немесе белгі тұрады. Бірақ бұл әлеуметтік топтың өзін кездестіру өте сирек жағдай. Сіз неге деп ойланып көрдіңіз бе? Себебі біз үшін үйреншікті қала олар үшін ыңғайсыз, «Жабайы арал» десе де болады. Оның бәрі мүмкін сол бір Кеңес одағының әсері шығар. Ол кезде мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамнан алшақ ұстап, оқшаулау мақсатында колонияларға жіберетіні бәрімізге мәлім. КСРО өзін «Еңбекшіл қоғам» санағандықтан, физикалық тұрғыда қабілетті болу маңызды еді. Мүмкін осы ұстанған бағыт қазірде көптеген адамды төрт қабырғаның ішінде ұстап, еркін, шектеусіз өмір сүруге кедергі болып жатқан шығар деген ой туындайды.



Соңғы рет сіз мүмкіндігі шектеулі адамды қай жерден көрдіңіз? Менің есімде жоқ. Негізі көбінің жауабыңыз емхана, аурухана болуы мүмкін. Және әрдайым олардың қасында демеушісі — отбасы мүшесін көреміз.

Себебі қалада өзіндік қимыл жасау да қиын. Баспалдақтың қасындағы «дорожканың» ұзындығы, лифт, пандустардың қамтылмағаны, ал қоғамдық көлікке мінудің өзі бөлек оқиға. Дыбыстық және визуалды хабарландырулар сирек кездеседі. Кейбір кездері мен бұл кісілердің қайсарлығына, күшіне таңданамын. Мұндай «ыңғайсыз» әлемде де «әттеген-ай» деп емес, «менің қолымнан келеді» деп ұрандап жүретін секілді.

Мемлекет тарапынан арнайы бюджет бөлініп, жағдай жасалуда. Алайда орташа күнкорісті адам секілді өмір сүру үшін бұл аздық етеді.

Әлеуметтік тұрғыдан бұл мәселе күрделене түседі. Тәрбие — ата-анадан, мектептен басталады. Дәл сол себептен қоғамдағы орнын бала алдымен отбасы, кейін мектепте құра бастайды. Мектепте балалар арасында «оқшаулау» сирек зат емес. Ал ата-ананың тарапынан ерекше балаларға деген көзқарас негативті болуы соңғы кездері көп кездеседі. Осының салдарынан мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамға ілесе де ала алмайтынын жасыра алмаймыз. Ал тұлға ретінде даму, жұмысқа тұру мәселесі ше? Мүгедектігі бар еңбекке қабілетті адамдардың жалпы санының шамамен 39%-ы жұмыс табады. «Адамның адамнан кемдігі жоқ» демекші, тағдырдың қиындығына қарамастан бәрімен бірдей жұмыс істеу, табыс тапқан олар үшін қуаныш.

Бұл ауқымды мәселе мемлекет, әрбір тұрғын тарапынан қолдауды талап етеді. Әрине, қалада мүмкіндік жасау, жұмыспен қамту үкімет тарапынан ретімен өз шешімін табуда. Бірақ мұнымен қоғамдағы оқшаулықты шешу мүмкін емес. Себебі қоғам ретінде бәріміз бірге мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетіп, қоғамнан өз орнын табуға мүмкіндік беруіміз қажет. Ол үшін біз өз ойымызды, ортамызды, ұрпақтарымызды дұрыс тәрбиелеуіміз керек.

Мерей ШӘКРАТ,
Ж-24-1 оқу тобының студенті

ХАБАРЛАНДЫРУ

Үндістан үкіметінің қазақстандық студенттерге арналған толық қаржыландырылатын стипендиялық бағдарламалары!

Үндістан Үкіметі білім алуға ынталы қазақстандық студенттер үшін Атал Бихари Важпайи жалпы стипендия схемасы, Лата Мангешкар би және музыка стипендиясы бойынша өтініштер қабылдауды бастады!

- Атал Бихари Важпайи жалпы стипендиясы
 - 18-40 жас (UG, PG)
 - 50 жасқа дейін (Ph.D.)
 - Бакалавриат үшін кемінде 12 жылдық білім
 - Ағылшын тілін білу (500 сөздік эссе немесе TOEFL/IELTS)
 - Оқу ақысы толық төленеді
 - Ай сайынғы шәкіртақы
 - Туру ақысы
 - Авиабилет

Сайт сілтемесі:

<https://a2ascholarships.iccr.gov.in>

2. Лата Мангешкар би және музыка стипендиясы

- Өзіңіздің орындаушылық өнеріңізді көрсететін бейне/аудио материал ұсыну
- Ағылшын тілін білу (500 сөздік эссе немесе TOEFL/IELTS)
- Оқу ақысы толық төленеді
- Ай сайынғы шәкіртақы
- Тұру ақысы
- Авиабилет

Сайт сілтемесі:

<https://a2ascholarships.iccr.gov.in>

Үндістан мен Қазақстан арасындағы білім саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға өз үлесіңді қос! Оқуға тегін мүмкіндік алуға асық!

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КАРИМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
Г.Д.ЗЕЛБАЕВА - Тұлғалар қауымдастығының төрайымы

Жауапты редактор:

Азамат Абимолда

Техникалық редактор:
Асқар Махашов

SYR TULEGI
student jastar gazetі

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен колжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.